

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

География және табиғатты пайдалану факультеті

Картография және геоинформатика кафедрасы

«БЕКІТЕМІН»

География және табиғатты
пайдалану факультетінің деканы

_____ Сальников В.Г.

Хаттама № 1 23.06.2016 ж.

**ОҚУ ПРАКТИКАСЫНЫҢ
ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

**(«5В071100 – Геодезия және картография» мамандығының
студенттеріне арналған)**

1 курс

2 семестр

Практика мерзімі – 2 апта

Алматы, 2016

«5В07100-Геодезия және картография» мамандығы бойынша өндірістік практиканың бағдарламасын дайындаған:

Картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушысы
Г.К. Байдаулетова

Жұмыс бағдарламасы кафедра мәжілісінде қаралды және ұсынылды.
№ 34 хаттама, « 26 » 04. 2016 ж.

Картография және геоинформатика
кафедрасының меңгерушісі _____ Х.М. Касымканова

Факультеттің әдістеме (бюро) кеңесінде ұсынылды.
№ 6 хаттама, «04 » 05. 2016 ж.

Төрағасы (төрайымы) _____ К.Ж. Дүйсебаева

Оқу практикасын «5B071100 – Геодезия және картография» мамандығының 1-курс студенттері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ территориясында өтеді.

Жазғы арнайы практика оқу үрдісінің ең маңызды бөлігі болып табылады және студенттерге геодезиялық инженерлік негізгі жұмыстарды орындаудың негізгі әдістерімен таныстырады.

Геодезиялық практика бірінші курста 6 сағаттан 4 апта мерзімде өткізіледі. Практика басында техника қауіпсіздігі бойынша инструктаж жасалынады.

Оқу практикасының бағдарламасында көрсетілген барлық жұмыстар инструкциялар, аспаптарды эксплуатациялық және техника қауіпсіздігі ережелері, практика жетекшісінің нұсқауларына сәйкес орындалады.

Практика барысында студенттер келесі жұмыстарды орындайды:

- аспаптардың негізгі тексерулері мен түзетулері;
- жергілікті жерді шолу (рекогносцировка);
- теодолиттік түсіріс жүргізу;
- техникалық нивелирлеу;
- трассалау;
- профильдерді құру және салу;
- тахеометриялық түсіріс
- жобаны жер бетіне келтіру.

Практикалық жұмыстар нәтижесінде есеп жазылып қорғалуы тиіс.

Кесте 1 – Жұмыс түріне байланысты уақыттың жітелуі

№ п.п	Жұмыс түрі	Жұмыс күнінің саны
1	Техника қауіпсіздігі бойынша инструктаж. Аспаптардың негізгі түзетулері мен тексерулері. жергілікті жер аумағын барлау.	2
2	Теодолиттік түсіріс жүргізу.	3
3	Биіктік түсіру негізін құру үшін техникалық нивелирлеу. Трассалау, қисықтарды және көлденеңдерді жер бетіне шығару. Профильдерді жасау және безендіру.	3
4	Тахеометриялық түсіріс және трасса магистралі бойынша бетті нивелирлеу	4
5	Трасса осін көлденең профильде жоспарлау және жер беті жұмыстарының көлемін есептеу.	4
6	Жобаны жер бетіне шығару, түсіру материалдары бойынша мәліметтерді дайындау, жоспарлық бұрыштар, нүктелер, сызықтар, жазықтықтарды құру.	3
7	Аспаптарды тапсыру. Есепті безендіру. Тапсыру.	6
Барлығы		27